

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:
«Айша» бөбекжай меңгерушісі:
Тулеугалиева Б.А



Тақырыбы: «Қарттарым асыл қазынам»



«Ботақан» кіші жас тобы тәрбиешісі: Сұлтанбек А.

2025 жыл

«Қарттарым-асыл қазынам»

Мақсаты:

- 1.Білімділік:** 1-Қазан қарттар күніне түсінік беру.
- 2.Дамытушылық:** Өз ата бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.
- 3.Тәрбиелік:** Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелесу, түсіндіру, ойын ойнату, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері.

Шаттық шеңбер:

Есенсіз бе, ұлағатты қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын
Өзіңіздей ұлағатты болуға,
Өсиетінді жүрегімде сақтадым.

Тәрбиеші: Жарайсындар рахмет. Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын, алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.

Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде қанша ай бар? (үш ай бар)

Атайықшы? (Қыркүйек, Қазан, Қараша)

Дұрыс айтыңдар.

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да мерекелер бар.

Ол 1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған ашық оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ.

Тәрбиеші: Жрайсындар, балалар, дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? қарттар дейміз.

Дұрыс айтасындар ,балалар. — «Ақылды қария-ағып жатқан дария» деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса, біз соның жапырағымыз.Адам өмірдегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық,мейрімділк,түсіністік,сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек.

Ал енді осы атамыз бен әжемізге сендер кім боласындар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі, анасы сендерге кім балады? (нағашы ата, нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласындар? (жиен)

Жарайсындар.

Суреттер бойынша әңгіме.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

(Өз ойларын айтады).

Балалар шаршаған шығарсындар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

Сергіту сәті:

Шеңберіп болып тұрайық

Керегені құрайық

Уық болып иіліп

Шаңыраққа иіліп

Қазақ үйді құрайық,

Жарайсындар орынымызға отырайық

Дидактикалық ойын: «Кімге не тиесілі?»

Ойынның шарты: Балалар отбасы мүшелері бар суреттерді өзіне тиісті суреттерді тауып алады.

Балалар ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?

(Балалардың жауаптары)

Қортынды: Қазақтар-«Төріңнен қарт кетпесін»деп тілеген халық.

Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйе болу-біздің ата дәстүріміз. Өзінді өмірге келтірген, тіршілігіңе нәр берген ата-ананың алдында парыз-міндеті өлшеусіз.

«Балаларым, рахмет сендерге!

Балаларым болмасын деп бос кеуде,

Қобызыңмен қосып ән мен тіл бердің,

Өмірге мен мылқау болып енгенде

Балаларым, рахмет сендерге!», -деп Мұқағали Мақатаев атамыз айытқандай міне, балалар, біз өзіміздің ата-әжелеріміз алдында қарыздармыз. Ол қарызымызды тек жақсы тәрбие арқылы, адамгершілігі мол, мейірімді болу арқылы ғана, оларды көрген жерде құрметтеп сыйлау арқылы ғана қайтара аламыз. Қарттарымызды ардақтап өтейік! Оларды сыйландар, қадірлендер! Балаларды мадақтау бағалау.

Анықтама

Өткен күні: 01.10.2025жыл

Тобы: «Ботақан» кіші жас тобы.

Мақсаты:

- 1.Білімділік:** 1-Қазан қарттар күніне түсінік беру.
- 2.Дамытушылық:** Өз ата бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.
- 3.Тәрбиелік:** Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Инстаграм желісіне салынды.

<https://www.instagram.com/reel/DPWGj6bilu2/?igsh=bG5zZnE2ZW1pNXc2>

Қатысқан бала саны : 19бала

